bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Төлен Әбдіков "Қонақтар" , 7-сынып

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 12.07.2020 | https://bilimger.kz/78376/ |

## Сабақ жоспары

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Мектеп: «Сегізсай негізгі орта білім беретін мектебі » КММ** | | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Жетмекова Айгул Мухамбеткалиевна** | | |
| **Сынып: 7** | **Оқушылар саны:** | **Қатыспағандар:** | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Төлен Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі** | | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 7.Т/Ж3.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау. | | |
| **Сабақтың мақсаттары** | Сабақта оқушылар Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесіндегі кейіпкерлерге мінездеме береді. Сонымен қатар кейіпкерлердің типтік ерекшелігін анықтайды.<br>**Барлық оқушылар орындай алады:**Шығарманың мазмұнын түсінеді және талдайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**Әңгіме бөлімдерін байланыстырып, құрастырады. Кейіпкерлерге мінездеме береді.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Әрбір тапсырмаға байланысты өз көзқарастарын білдіре отырып, ойын дәйектей алады | | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | **Білу, түсіну,қолдану** | | |
| **Жетістік критерийлері** | — Тыңдалған ақпараттарды саралайды, өз ойын білдіреді. Тақырыпқа қатысты мәтінді оқиды, мазмұндайды.<br>— Сұрақтарға жауап береді, өзара талқылау сұрақтарын жүргізеді. | | |
| **Тілдік мақсаттар** | Әдеби тіл нормаларын сақтайды.<br>**Пән лексикасы және терминология:**<br>Алагеуім, апақ – сапақ, жолай, шақша, ноқта, сағағы,көлегейлеп, қынжылу, қитар<br>**Теңеу**: Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтерілді. Аяқ — қолы шидей. Жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сүртті. Сапабек балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шолып өтті.<br>**Тұрақты тіркестер:**<br>Міз бақпады – беті шімірікпеді, бедірейіп тырп етпеді.<br>Ләм — мим демей – үндемеу (жұмған аузын ашпау)<br>Басым сынып – ауырып<br>Шаш етектен — пайдасы мол<br>Қолының қаруы бар ғой – күшті, әлді<br>Мызғып — аз ғана ұйықтап алу (көз шырымын алу)<br>Көз ілінді — ұйықтап кету<br>Шыбын шіркей боп жүреді – барынша күтеді<br>**Дисфемизм:** алжыған, оттаған, қаңғыбас, омалып<br>Мақал — мәтел: қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар<br>**Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:**<br>Менің ойымша; пікіріме мынадай дәлелдер келтіремін; оның мынадай себептері бар; себебін былай түсіндіремін; | | |
| **Құндылықтарды дарыту** | «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» атты құндылығымызға сәйкес,туған жеріміздің тарихында бірнеше мыңжылдықтар бар, оның беттерінде ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталған. Қазақстанның көрікті жерлерімен танысады. Сонымен қатар, Қазақстандағы барлық ұлттар тілдерін дамыту үшін жағдай жасау, үштілділік қағидатын енгізуде маңызды. | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі. Тарих | | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Слайд | | |
| **Осыған дейін меңгерілген алдыңғы білім** | Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі | | |
| **Жоспар** | | | |
| **Жоспарланатын уақыт** | | **Дереккөздер** | |
| Сабақтың басы<br><br>3 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут | **І.Ұйымдастыру кезеңі**<br>· Оқушылар назарын сабаққа аудару<br>· Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру<br>ІІ. Жағымды ахуал орнату<br>**Тренинг: «Мен…»**<br>**Топқа бөлу**: Кәмпиттер арқылы бөлу<br>**Үй** тапсырмасы сұралады.<br>. Балалар, бүгінгі сабақта біз сендермен белгілі жазушы Төлен Әбдіковтің өмірімен «Қонақтар» әңгімесімен танысамыз. Кәне, балалар, топтастыру стратегиясы бойынша кім екендігіне тоқталайық.<br><br>Т.Әбдіков<br><br>**Төлен Әбдіков**<br>Жазушы, драматург, аудармашы, хатшы,<br>Редактор, сектор меңгерушісі, европалық алтын медаль иегері,<br>мемлекеттік сыйлық иегері<br>**ІІІ «Аялдама» әдісі**<br>**Шығарманы үш топқа бөліп беру. Топ оқушыларыберілген бөлімнің мазмұнымен танысады. Әр топ өкілдері басқа топ оқушыларына бөлім мазмұнынтаныстырады.**<br>**Дескриптор:**<br>— **Мазмұнымен танысады, бөліседі**<br>Бағалау: Топтар бір- бірін үш шапалақ арқылы бағалайды.<br>Төменде берілген суреттерді бір-бірімен байланыстыра отырып, шығарма мазұнын баяндайды. Суретте қай кезеңдер берілген? (жеке жұмыс) | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Сабақтың ортасы

10 минут

10 минут

5 минут

**Тапсырма №1**
**Ж/Ж. Кейіпкер портреті**
1-топқа Оқушылар кейіпкерлерге портреттік мінездеме береді.

| **Кейіпкер** | **Мінездеме** |
|---|---|
| Ерғабыл | |
| Сапабек | |
| Тома | |
| Жеңіс | |

**Дескриптор**
· Шығарма мазмұнын түсінеді;
· Кейіпкерлерге мінездеме береді;

Ерғабыл –ірі денелі, иықты қапсағай сары қарт адам
Сапабек. Ат жақты, қапсағай сары жігіт.
Тома. Омырау, жеңдері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ — толық ақ сары, ажарлы келіншек.
Жеңіс. Аяқ — қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала.Ерғабыл қарт .Мейірімді, арманшыл, төзімді, қажырлы, еңбекқор, баласин жақсы көреді, ақылды
Сапабек.
Қуыс кеуде, саяз ойлы, мақтаншақ, өркөкірек, парызын түсінбейді, салт-дәстүрді білмейді, қатігез
**Тапсырма №2**
**ВЕНН диаграммасы Ерғабыл мен Сапабектің айырмашылығы**
Айырмашылығы: Ерғабыл – ауыл тұрғыны, қарт, оқымаған, көп сөйлемейтін, қарапайым жан
Айырмашылығы: Сапабек – қала тұрғыны, жас, оқыған, өзімшіл, көп сөйлегіш
Ұқсастығы: Әкелі – балалы туыстар, ер адам, айтқанынан қайтпайтын бірбеткей
**Дескриптор**
· Екі кейіпкерге мінездеме береді;
· Ұқсастығын табады;

**Тапсырма №3**
**«Кімніңсөзі»**

| |
|---|
| **—**Қажыған шығарсың, шай қояйын ба, мызғып аласың ба? (кемпірдің**)** |
| -Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған Кінә жоқ. (Сапабектің) |
| -Аже, бер, дайте мне, дайте! (Тома) |
| -Әй, доғаршы енді. Анау өзіміздің Аспандиярға домбыра берші , әнсалсын. (Ерғабыл қарт) |
| -Мама, мама, ребята идут на озеро.(Жеңістің сөзі) |
| Менің әлгі кішкентайым, Құдай-ау немене дейді...бірдеңе боламын дейді.(Абылдың сөзі ) |
| Ой, көке-ай, мені бала асырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. (сапабек)<br><br>Қ.Б. |

**«Аллея» әдісі Сынып оқушылары екіге бөлініп тұрады. Сапабектің ауылда ата-анасының қасында қалуы керектігіне көзін жеткізу керек**
**1- жақ «Дұрыс»**
**2-жақ «Дұрыс емес»**
**Дескрипторы**
-Оқушылар Сапабекке дұрыс таңдау жасауына көмектеседі;
— Ата — анасының борышын ақтауға бағыт береді;

http://bilimland.kz/kk/content/lesson/7979-7_tolen_abdikov_qonaqtar_anggimesi
(Т.Әбдіков «Қонақтар» шығармасының аудио жазбасы)

Сабақты бекіту
5 минут

*Ой толғаныс.* Жаңа білімді меңгерту моделі бойынша пікір-сұхбат
**(3 топқа ортақ сұрақтар)**
1.Баласын тағатсыздана күткен әке-шешенің ой-толғаныстары?
2.Баласының әңгімесі Ерекеңе неліктен ұнамады?
3.Сапабек өзінің әке –шешесіне деген перзенттік сағынышын, махаббатын таныта алды ма?
4.Ерекеңнің түнімен мазасызданып шығуының себебі неде?
5.Жазушы ақсақалдың көңіл-күйін қалай берген? (Кітаптан тауып оқып жіберу)
6. Ерекең баласынан қандай үміт күтіп еді, үміті ақталды ма, әлде ақталмады ма?
7. Баланың ата-ана алдындағы азаматтық парызы дегенді қалай түсінесіңдер?
8..Сапабектің өз үйіне қонақ сияқты болуына кім кінәлі?

Сабақтың соңы
2 минут

**Кері байланыс.**
**«Жұлдызыма жеттім бе?»**

Үй тапсырмасы

— Сонымен,оқушылар,бүгінгі сабақта біз қалада тұратын Сапабектің қарт әке-шешесіне салқын,жасанды қарым-қатынасын таныдық.Әлпештеп өсірген ата-ана алдындағы баланың мәңгілік перзенттік парызы туралы ұғындық.Қалаға асығатын Сапабектің ұлтымыздың дәстүр-салтынан қол үзіп қалған,перзенттік борыш-парызды жеңіл түсінетін,ата-анасына деген мейірімділігі жоқ екенін байқадық.
V Үй тапсырмасы
«Қарт адам-қазына» шағын ойтолғау жазып келу.
VI Бағалау
Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағаланады.
VII Қорытындылау

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.